

## Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

### *Күші жойған*

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 қазандағы № 64 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 24 қазанда № 2630 тіркелді. Күші жойылды - Атырау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 126 шешімімен

### **Ескерту. Күші жойылды - Атырау қалалық мәслихатының 2013.06.21 № 126 ш е ш і м і м е н**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1 тармағы 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Атырау қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін 5 000 (бес мың) теңге мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау Атырау қалалық мәслихаттың "Тұрғындарды әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, жастар және спорт ісі, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*VII сессия төрағасы,*  
*Б. Қазиманов*

*қалалық мәслихат хатшысы*